

Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының өз еркімен таратылуына, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары филиалдарының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру не аталған рұқсатты беруден бас тарту қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 44 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 1 сәуірде № 20254 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 04.08.2021 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 6 т. қараңыз

"Қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 67-бабы 1-тармағының екінші бөлігіне, 72-1-бабы 3-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 04.08.2021 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының өз еркімен таратылуына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары филиалдарының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру не аталған рұқсатты беруден бас тарту қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 04.08.2021 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мыналардың:

1) "Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының өз еркімен таратылуына рұқсат беру не аталған рұқсатты беруден бас тарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 27 тамыздағы № 149

қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19306 болып тіркелген, 2019 жылғы 3 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 263 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19845 болып тіркелген, 2020 жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) бекітілген, өзгерістер енгізетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 4-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Халықаралық қатынастар және сыртқы коммуникациялар басқармасы осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік етін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы

M. Абылқасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
2020 жылғы "___"
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

2020 жылғы " _____ "

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі
Басқармасының
2020 жылғы 30 наурыздагы
№ 44 қаулысымен бекітілді

Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының өз еркімен таратылуына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары филиалдарының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру не аталған рұқсатты беруден бас тарту қағидалары

Ескерту. Қағидалар жана редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 04.08.2021 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының өз еркімен таратылуына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары филиалдарының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру не аталған рұқсатты беруден бас тарту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66 және 73-баптарына, "Қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) 67-бабы 1-тармағының екінші бөлігіне, 72-1-бабы 3-тармағының үшінші бөлігіне, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган, көрсетілетін қызметті беруші) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының өз еркімен таратылуына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары филиалдарының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру не көрсетілген рұқсатты (бұдан әрі – рұқсат) беруден бас тарту тәртібін айқындауды.

1-1. Қағидаға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына жібереді.

Ескерту. Қағида 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының өз еркімен таратылуына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары филиалдарының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсаттар беру не аталған рұқсатты беруден бас тарту тәртібі

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының өзі жасаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелерден тұратын сақтандыру портфелін берілетін сақтандыру сыныптары бойынша лицензиясы бар және сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысуышылары болып табылатын басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымына және (немесе) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының филиалына берігеннен кейін рұқсат алу үшін уәкілетті органға өтініш жасайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы уәкілетті органға Қағидаларға 1- қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын ерікті таратуға рұқсат беру туралы өтінішхатты (бұдан әрі - өтінішхат) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының өз еркімен таратылуына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары филиалдарының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру" Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көрсетілген құжаттарды қоса берумен www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде ұсынады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы акционерлерінің жалпы жиналысы сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын ерікті тарату туралы өзі бұрын қабылдаған шешімнің күшін жою туралы шешім қабылдаған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы акционерлерінің жалпы жиналысы хаттама жасаған және оған қол қойған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде уәкілетті органға осы Сақтандыру қызметі туралы заңын 37-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына және 3-тармағына сәйкес бизнес-жоспар ұсынады.

Ескерту. Қағида 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-2. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қызметін ерікті түрде тоқтату туралы өзі бұрын қабылдаған

шешімнің күшін жою туралы шешім қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының хаттамасы жасалған және оған қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде уәкілетті органға Сақтандыру қызметі туралы заңын 37-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына және 3-тармағына сәйкес бизнес-жоспар ұсынады

Ескерту. Қағида 2-2-тармақпен толықтырылды - КР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының өзі жасаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндептемелерінен тұратын сақтандыру портфелін берілетін сақтандыру сыйнштары бойынша лицензиясы бар және сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысуышылары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына бергеннен кейін рұқсат алу үшін уәкілетті органға өтініш жасайды.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметтін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру туралы өтінішхатты (бұдан әрі – өтінішхат) Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса берумен портал арқылы электрондық түрде ұсынады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Уәкілетті орган өтінішхатты барлық қажетті құжаттар түскен күннен бастап 2 (екі) айдың ішінде қарайды.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішхатты портал арқылы жіберген кезде "жеке кабинетте" нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіле отырып мемлекеттік қызмет көрсетуге сұратудың қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздемелері, процестің сипаты, көрсету нысаны, мазмұны және нәтижесі қамтылатын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктері және мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі ескерілген өзге мәліметтер Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген.

Шет мемлекеттердің қаржылық қадағалау органы, құзыретті органдары немесе лауазымды тұлғалары берген құжаттар Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес зандастырылуға немесе апостильдендірілуге тиіс

Шет тілінде ұсынылған құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аударылады және уәкілетті органға "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабына сәйкес нотариалды куәландырылып ұсынылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) басталуы үшін негіз уәкілетті органның өтініш берушіден Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген құжаттарды портал арқылы алуды болып табылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Уәкілетті органның хат-хабарды қабылдауга және тіркеуге уәкілетті қызметкері өтінішхат түсken күні оны қабылдауды, тіркеуді және уәкілетті органның мемлекеттік қызметті көрсету үшін жауапты бөлімшесіне (бұдан әрі – жауапты бөлімше) орындау үшін жіберуді жүзеге асырады. Көрсетіletіn қызметті алушының өтінішхаты жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері түсken кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес құжаттарды қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

8. Жауапты бөлімшениң қызметкері өтінішхат тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының талаптарына сәйкестігін тексереді.

Көрсетіletіn қызметті алушы ұсынған құжаттардың толық болмау фактісі не қолданыс мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсыну анықталған кезде жауапты бөлімшениң қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде өтінішхатты одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетіletіn қызметті алушыға портал арқылы көрсетіletіn қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Рұқсат алу үшін ұсынылған құжаттарға ескертулер болған кезде уәкілетті орган көрсетіletіn қызметті алушыға Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің талаптарына сәйкес ескертулерді жою және пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсыну үшін ескертулері бар хат жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы ескертулерді жояды және Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің талаптарына сәйкес пысықталған (түзетілген) құжаттарды портал арқылы ұсынады. Бұл ретте уәкілетті органның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті алушының ескертулерді жою мерзіміне үзілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органның ұсынылған құжаттар бойынша ескертулерін жоймаған жағдайда, уәкілетті орган рұқсат беруден бас тартады.

Барлық кіші түрлер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету процестері бірдей.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Ұсынылған құжаттардың толық болуы фактісі анықталған жағдайда уәкілетті органның жауапты бөлімшесі Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген мерзім ішінде құжаттардың Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті тарату, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін ерікті тоқтату жүргізуге рұқсат беру туралы (беруден бас тарту туралы) қаулы жобасын (бұдан әрі - уәкілетті орган Басқармасының қаулысы) әзірлейді және уәкілетті орган Басқармасының қарауына жібереді. Уәкілетті органның Басқармасы рұқсат беру (беруден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

11. Уәкілетті орган Басқармасының рұқсат беру туралы қаулысы қабылданғаннан кейін жауапты бөлімшениң қызметкері 5 (бес) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі шегінде) көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинетіне" сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін ерікті тоқтатуға рұқсат беру туралы уәкілетті органның Басқармасы қаулысының электрондық көшірмесін қоса бере отырып, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында хабарлама жібереді.

12. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін ерікті тоқтатуға рұқсат беруден бас тарту Сақтандыру қызметі туралы заңынң 68-бабында көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

Рұқсат беруден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін рұқсат беруден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсете мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша уәкілетті орган хат (куәлік) не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту береді.

13. Уәкілетті орган Басқармасының қаулысын алғаннан кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент- сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының филиалы уәкілетті органға сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына бұрын берілген лицензиялардың түпнұсқаларын және (немесе) лицензияға қосымшаны уәкілетті орган Басқармасының қаулысы күшіне енген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде (егер бұрын берілген лицензия қағаз түрінде ресімделген болса) қайтарады.

14. Мемлекеттік қызмет көрсете кезеңі туралы ақпарат мемлекеттік қызметтер көрсете мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.

3-тaraу. Уәкілетті органның және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

15. Уәкілетті органның және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану уәкілетті органның басшысына, мемлекеттік қызметті көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға немесе сотқа жіберіледі.

16. Уәкілетті органның басшысына жіберілген шағымда:

1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты (ол болған кезде), пошталық мекенжайы (жеке тұлғалар үшін);

2) атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні (занды тұлғалар үшін) көрсетіледі.

Уәкілетті органның кеңесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы өтініш жасаған кезде шағым жасау тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының мынадай: 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген жағдайда өтініш берушіге "жеке кабинеттен" шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол уәкілетті орган шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

17. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

18. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарының өз еркімен
таратылуына,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымдары
филиалдарының қызметін ерікті
түрде тоқтатуға рұқсат беру не
аталған рұқсатты беруден бас
тарту қағидаларына
1-қосымша
Нысан

(уәкілетті органның толық
атауы)

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен таратылуына рұқсат беру туралы ӨТІНІШХАТ

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналышының

(өткізілетін орны)

_____ жылғы "___" _____ № ____ шешіміне сәйкес өз еркімен
таратылуына рұқсат беруді сұрайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторлардың талаптарын толық көлемде
қанағаттандыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лауазымды адамы өтінішхатқа қоса
берілген құжаттар мен ақпараттың дәйектілігін, сондай-ак өтінішхатты қарастыруға
байланысты сұралатын қосымша ақпараттың және құжаттардың уәкілетті органға
уақтылы берілуін раставиды.

Коса берілген құжаттар:

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін және ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен
корғалатын құпияны құрайтын мәліметті пайдалануға қажетті менің дербес
деректерімді жинауға және өндеуге келісім беремін.

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы (қолы)

(сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының басшысы (ол болмаған кезде, осы өкілеттікті растайтын құжатты қоса бере отырып қол қоюға уәкілеттік берілген адам).

Күні _____ жылғы "_____" _____

Сақтандыру (қайта сақтандыру)

үйымдарының өз еркімен

таратылуына,

Қазақстан Республикасының

бейрезидент-сақтандыру (қайта

сақтандыру) үйымдары

филиалдарының қызметін ерікті

түрде тоқтатуға рұқсат беру не

atalған рұқсатты беруден бас

тарту қағидаларына

2-қосымша

Нысан

(уәкілетті органның толық

атауы)

Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру туралы ӨТІНІШХАТ

(Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының атауы)

Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының тиісті басқару органының

жылғы "_____" № _____

(өткізілетін орны)

шешіміне сәйкес _____

(Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының атауы)

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беруді сұрайды

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы (филиал тараپынан орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған немесе филиал тараپынан тиісінше орындалмаған кезде) кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға міндеттенеді.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымыныңлауазымды адамы не Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымы құжаттарға қол қоюға уәкілеттік берген адам өтінішхатқа қоса берілген құжаттар мен ақпараттың дәйектілігін, сондай-ақ өтінішхатты қарастырып қосымша ақпараттың және құжаттардың уәкілетті органға уақтылы берілуін растайды.

Қоса берілген құжаттар:

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін және ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметті пайдалануға қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өндеге келісім беремін.

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы (қолы)

(Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лауазымды адамы не осы өкілеттікі растайтын құжатты қоса бере отырып Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қол қоюға уәкілеттік берген адам).

Күні _____ жылғы "____" _____

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарының өз еркімен
таратылуына,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент-сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымдары
филиалдарының қызметін ерікті
турде тоқтатуға рұқсат беру не
аталған рұқсатты беруден бас
тарту қағидаларына
3-қосмыша

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының өз еркімен таратылуына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру" мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.10.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарының өз еркімен
таратылуына, Қазақстан
Республикасының

	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметтің ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру
	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы	Көрсетілетін қызметті алушы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға рұқсат алу үшін жүгінген кезде. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметтің ерікті түрде тоқтатуға рұқсат алу үшін жүгінген кезде.
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – уәкілетті орган).
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Барлық кіші түрлер үшін: "электрондық үкіметтің" www.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Порталға жүгінген және барлық қажетті құжаттар түскен күннен бастап 2 (екі) ай ішінде. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі белгіленген жағдайда уәкілетті орган өтінішхат тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оны одан әрі қараудан дәлелді бас тарту береді.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Барлық кіші түрлер үшін: электрондық (толық автоматтандырылған).
		Кіші түрлері бойынша: 1) Көрсетілетін қызметті алушы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға рұқсат алу үшін жүгінген кезде - уәкілетті орган басқармасының тиісті қаулысының көшірмесін қоса бере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға рұқсат беру туралы хабарлама не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға рұқсат беруден бас тарту туралы хабарлама. 2) Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта

5.	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі</p> <p>сактандыру) ұйымы филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат алу үшін жүгінген кезде - көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сактандыру (қайта сактандыру) ұйымы филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат алу үшін жүгінген кезде - Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сактандыру (қайта сактандыру) ұйымы филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру туралы хабарлама не уәкілдегі орган басқармасының тиісті қаулысының көшірмесін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сактандыру (қайта сактандыру) ұйымы филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беруден бас тарту туралы хабарлама.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны - электрондық.</p>	
6.	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	Тегін
7.	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі</p>	<p>1) портал - жөндеу жұмыстарының жүргізуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жіберу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);</p>

	<p>2) уәкілетті орган - Кодекс пен Мерекелер туралы заңға сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі тұскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p>
	<p>Көрсетілетін қызметті алушы сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын ерікті таратуға рұқсат алу үшін жүгінген кезде:</p> <p>1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішхатқа қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын ерікті таратуға рұқсат беру туралы өтінішхат;</p> <p>2) тарату себептерін міндettі түрде көрсете отырып, акционерлердің жалпы жиналысының сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын ерікті түрде тарату туралы шешімінің электрондық көшірмесі;</p> <p>3) Мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 19927 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының және сақтандыру брокерінің есептілік тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 275 қаулысымен белгіленген нысандар бойынша міндettемелердің көлемі бойынша "жалпы сақтандыру" және "өмірді сақтандыру" салалары бойынша сақтандыру резервтерін есептеу туралы есептер;</p> <p>4) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының өзі жасаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндettемелерінен тұратын сақтандыру портфелін берілетін сақтандыру сыныптары бойынша лицензиясы бар және сақтандыру</p>

8.

Мемлекеттік қызмет көрсетеү үшін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар тізбесі мен мәліметтер

төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысуышылары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) филиалына беру туралы шарттың электрондық көшірмесі. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ерікті таратуға рұқсат алу үшін жүгінген кезде:

- 1) Қағидаларга 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтінішхатқа қол қоюға уәкілетті адамның ЭЦҚ-сын куәландыратын электрондық құжат нысанында Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ерікті таратуға рұқсат беру туралы өтінішхат;
- 2) тарату себептерін міндettі түрде көрсете отырып, акционерлердің жалпы жиналысының Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын ерікті түрде тарату туралы шешімінің электрондық көшірмесі ;
- 3) Мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22322 болып тіркелген " Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары есептілігінің тізбесін, нысандарын , мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 2 наурыздағы № 24 қаулысымен белгіленген нысандар бойынша міндettемелердің көлемі бойынша "жалпы сақтандыру"

	<p>және "өмірді сақтандыру" салалары бойынша сақтандыру резервтерін есептеу туралы есептер;</p> <p>4) Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының өзі жасаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндettемелерінен тұратын сақтандыру портфелін берілетін сақтандыру сыншыларды бойынша лицензиясы бар және сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің катысуышылары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымына және (немесе) филиалына беру туралы шарттың электрондық көшірмесі.</p>
9.	<p>Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері</p> <p>1) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын болжамды ерікті тарату немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қызметін ерікті тұрде тоқтату нәтижесінде сақтанушылардың және өзге де кредиторлардың занды мүдделерінің бұзылуы;</p> <p>2) үәкілді органның ұсынылған құжаттар бойынша ескертулерін ол белгілеген мерзімде жоймау;</p> <p>3) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес келмеуі;</p> <p>4) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының міндettемелер бойынша есеп айрысу үшін қаражатының жеткіліксіздігі;</p> <p>5) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндettiемелердің болуы;</p> <p>6) "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін</p>

		кызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетеу үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсетеудің ерекшеліктері ескерілген өзге талаптар	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетеудің ерекшеліктері ескерілген өзге талаптар</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетеу орындарының мекенжайлары және мемлекеттік қызмет көрсетеу мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында және порталда орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетеу мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777 немесе 1414.</p> <p>Ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда уәкілетті органның қызметкері бір жұмыс күні ішінде тиісті ақпараттық жүйенің операторын хабардар етеді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетеу тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинет", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсетеу мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.</p>